

[Жылдың түйінді көрсеткіштері](#)[Стратегиялық мақсаттар](#)[Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі](#)[Басқарма Төрағасының үндеуі](#)[Компания туралы](#)[Біздің тарихымыз](#)[Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің географиясы](#)[Жылдың түйінді оқиғалары](#)[Жылжымайтын мүлік қоры тобының құрылымы](#)[Макроэкономикалық факторлар](#)[2018 жылға жоспарлар](#)[2017 жылғы қызметтің түйінді көрсеткіштері және қаржы-экономикалық көрсеткіштер](#)[Елеулі мәмілелер туралы ақпарат](#)[Тәуекелдер және ішкі бақылау басқармасы](#)[Корпоративтік басқару](#)[Есеп туралы](#)[Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты дамуы](#)[Шоғырландырылған қаржылық есептілік](#)

ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІК ҚОРЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

- ▶ Тұрақты дамуды басқару
- ▶ Тиімді өзара әрекеттесу
- ▶ Тұрақты даму саласындағы негізгі көрсеткіштер
- ▶ Іскерлік әдеп

Тұрақты дамуды басқару

Жылжымайтын мүлік қоры өзінің ықпалын ең елеулі деп бағалаған тұрақты дамудың үш түйінді бағытын анықтаған: экономикалық, экологиялық және әлеуметтік бағыт.

Бұл бағыттарда қолданылатын шаралар ұзақ мерзімді орнықтылыққа жету, Компанияның экономикалық тиімділігі мен әлеуметтік тұрақтылығын қамтамасыз ету көзқарасынан үлкен жағымды әсерін тигізеді.

2017 жылы Жылжымайтын мүлік қоры Тұрақты даму бойынша саясат қабылданған, онда Компанияның тұрақты дамуды жүзеге асырудағы қызметінің негізгі қағидалары мен ережелері бекітілген. Саясат Қазақстан Республикасының Заңнамасына сәйкес және халықаралық салалық стандарттарды ескере отырып дайындалған.

Тұрақты даму бойынша саясатты жүзеге асырудың мақсаттары:

- ▶ Жылжымайтын мүлік қорының қоғамның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық салаларында тұрақты дамуына үлесін арттыру;
- ▶ мүдделі тараптармен өзара әрекеттесуді дамыту және олардың тарабынан Жылжымайтын мүлік қорына сенімді арттыру;

- ▶ Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және қарсы әрекет ету
- ▶ Мемлекеттік саясатты қолдау
- ▶ Жауапты жеткізілімдер тізбегі
- ▶ Қоршаған ортаны қорғау

- ▶ еңбектің тиімділігін арттыру үшін және Жылжымайтын мүлік қоры қызметкерлерінің әлеуетін жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау;
- ▶ корпоративтік басқару жүйесін дамыту, бизнес үрдістерді жүргізудің айқындығын арттыру.

БҰҰ Ғаламдық шартының қағидаларын мойындай отырып, Жылжымайтын мүлік қоры өз қызметінде келесі қағидаларға адалдығы туралы мәлімдейді:

Адам құқықтарын қорғау саласында:

- ▶ Жылжымайтын мүлік қоры халықаралық деңгейде жария етілген адам құқықтарын қорғауды қамтамасыз етеді және қадірлейді;
- ▶ Жылжымайтын мүлік қоры адам құқықтарының бұзылуына қатысы жоқтығын қамтамасыз етеді.

Еңбек қатынастары саласында:

- ▶ Жылжымайтын мүлік қоры жиналыстардың еркіндігін қолдайды және ұжымдық шарттарды құру құқығын мойындайды;
- ▶ Жылжымайтын мүлік қоры міндетті және мәжбүрлі еңбекті жоюға жағдай жасайды;

- ▶ Кадрлық әлеуетті дамыту
- ▶ Қатысу өңірлеріндегі экологиялық ықпал
- ▶ Демеушілік және қайырымдылық

- ▶ Жылжымайтын мүлік қоры балалар еңбегін жоюға жағдай жасайды;
- ▶ Жылжымайтын мүлік қоры еңбек және жұмыспен қамту саласындағы кемсітушілікті жоюға жағдай жасайды.

Қоршаған ортаны қорғау саласында:

- ▶ Жылжымайтын мүлік қоры қоршаған ортаға жағымсыз әсер етуден сақтандыруға жағдай жасайды;
- ▶ Жылжымайтын мүлік қоры бастамаларды қабылдайды және экологиялық жауапкершіліктің таралуына жағдай жасайды;
- ▶ Жылжымайтын мүлік қоры экологиялық қауіпсіз технологиялардың таралуына жәрдемдеседі.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу саласында:

- ▶ Жылжымайтын мүлік қоры сыбайлас жемқорлықтың барлық түрлеріне және басқа да құқыққа қарсы әрекеттерге, соның ішінде бопсалаушылық пен парақорлыққа төзбестік туралы мәлімдейді.

[Жылдың түйінді көрсеткіштері](#)[Стратегиялық мақсаттар](#)[Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі](#)[Басқарма Төрағасының үндеуі](#)[Компания туралы](#)[Біздің тарихымыз](#)[Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің географиясы](#)[Жылдың түйінді оқиғалары](#)[Жылжымайтын мүлік қоры тобының құрылымы](#)[Макроэкономикалық факторлар](#)[2018 жылға жоспарлар](#)[2017 жылғы қызметтің түйінді көрсеткіштері және қаржы-экономикалық көрсеткіштер](#)[Елеулі мәмілелер туралы ақпарат](#)[Тәуекелдер және ішкі бақылау басқармасы](#)[Корпоративтік басқару](#)[Есеп туралы](#)[Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты дамуы](#)[Шоғырландырылған қаржылық есептілік](#)

Анықталған аспектілердің материалдылық қалыптамасы

Тұрақты даму саласындағы 2016 жылғы Есепті құрғанда талдау мен бағалауды жүзеге асырған кезде, Анықталған аспектілердің материалдылық қалыптамасы әзірленген, онда аспектілер Компания мен стейкхолдерлер үшін маңыздылығына сәйкес орналастырылған.

2017 жылғы Есепті жасау барысында аспектілерді анықтаудың тәсілдемесі өзгеріссіз қалды, алайды анықталған аспектілер сараланатын межелік өзекті етілген (өсьтің үш өлшемін орнату шешімі қабылданған: төмен, орташа және жоғары маңыздылық). Қалыптаманың көлденең өсі бойынша аспектілер Жылжымайтын мүлік қоры үшін маңыздылық дәрежесіне қарай сараланады, ал тік өсі бойынша мүдделі тараптардың бағалауына қарай сараланады.

Елеулі аспектілерді саралау стейкхолдерлердің басымдығын анық түсіну негізінде олармен өзара әрекеттесуді конструктивті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Анықталған аспектілердің нәтижелеріне сүйене отырып, ақпаратты ашу келесі тақырыптар бойынша орындалады:

Экономикалық аспектілер


1. Экономикалық нәтижелілік
2. Сатып алу тәжірибелері

Экологиялық аспектілер

3. Материалдар
4. Шығарылымдар
5. Талаптарға сәйкестілік

Әлеуметтік көрсеткіштер

6. Даярлау және білім беру
7. Әйелдер мен ерлер үшін тең сыйақы беру
8. Кемсітушілікке жол бермеу
9. Адам құқығы мәселелеріне жататын инвестициялар
10. Сыбайлас жеңорлыққа қарсы әрекет ету
11. Мемлекеттік саясат
12. Өнімдер мен қызметтерді ұсынуға және пайдалануға қатысты заңнамалық және нормативтік талаптарға сәйкестілік
13. Тұтынушының жеке өміріне қол сұқпаушылық





Мүдделі тараптармен тиімді өзара әрекеттесу

Жылжымайтын мүлік қоры мүдделі тараптармен сыйластыққа және өзара тиімді ынтымақтастыққа негізделген өзара әрекеттесу жүйесін құруға ұмтылады.

Жылжымайтын мүлік қоры стейкхолдерлердің салымы мен олардың мүдделерін сипаттай отырып, өз қызметінің барысында өзара әрекеттесетін стейкхолдерлердің толық тізбесін белгілейді. Мүдделі тараптардың маңыздылығын бағалаған кезде стейкхолдерлердің Компания үшін маңыздылығы бойынша саралау екі фактор бойынша жүргізіледі: мүдделі тараптың Жылжымайтын мүлік қорына әсер ету күші және стейкхолдердің Жылжымайтын мүлік қорының қызметіндегі мүдделілігі.

Стейкхолдерлердің мүдделілік дәрежесін анықтау үшін Жылжымайтын мүлік қоры жыл сайын стейкхолдерлерге Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты даму саласындағы қызметі бойынша елеулі аспектілер мен маңызды мәселелерді анықтау бойынша сауалнама үлгілерін жібереді. Стейкхолдердің мүдделілік дәрежесі елеулі аспектілерді анықтау бойынша кері байланысқа шыққан

мүдделі тараптар тобының өкілдері пайыздық арақатынасына пропорционалды түзетіле алады.

Әсер ету және мүдделілік параметрлері бойынша саралаудың қорытындылары бойынша стейкхолдерлер тобы келесі саралау нымдардың біріне анықталады:

- ▶ жылжымайтын мүлік қоры қызметін бақылауға (мониторинг жүргізуге) тиіс мүдделі тараптар;
- ▶ жылжымайтын мүлік қоры өз үдерістеріне тартуға тиіс мүдделі тараптар;
- ▶ жылжымайтын мүлік қоры байланысты сақтауға тиіс мүдделі тараптар;
- ▶ жылжымайтын мүлік қоры мүдделеріне сәйкес келуді жалғастыруға тиіс мүдделі тараптар.

Жылжымайтын мүлік қорының стейкхолдерлермен өзара әрекеттесуі үш қағиданың негізінде жүргізіледі:

- ▶ мүдделі тараптардың мүдделерін, пікірлерін және артықшылық беретін заттарын қадірлеу және ескеру;

- ▶ мүдделі тараптарға уақтылы және жүйелі түрде ақпарат беру;
- ▶ қабылданған міндеттемелерді жауапкершілікпен орындау.

Жылжымайтын мүлік қорының маңызды мүдделі тараптары (стейкхолдерлер) Жылжымайтын мүлік қорының тұрғын үй-жайларын сатып алушылар және жалгерлер, Компания қызметкерлері, Жалғыз акционер мен Директорлар кеңесі, еншілес және қауымдастырылған ұйымдар, бас мердігерлер мен салушылар, жергілікті атқарушы органдар мен мемлекеттік органдар, қаржы институттары, бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желіні пайдаланушылар болып табылады. Мүдделі тараптармен өзара әрекеттесу қағидалары мен рәсімдері Іскерлік әдеп кодексінде және Тұрақты даму бойынша саясатта тұжырымдалады.

2017 жылы түрлі коммуникация арналарымен және мақсатты топтармен жұмыс жасау механизмдері анықталған Корпоративтік коммуникациялардың тәртібі бекітілген.

№	Стейкхолдерлер	Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу стратегиясы	Коммуникациялық арналарды қолданудың механизмдері
1	Жалғыз акционер	Түйінді шешімдерді тиімді қабылдауға бағытталған корпоративтік басқару қағидаларының аясында Жалғыз акционердің құқықтарын жүзеге асыруды қамтамасыз ету.	Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес қаржы-шаруашылық қызметтің нәтижелері туралы ақпаратты, Жарғыны, Жылжымайтын мүлік қорының ішкі нормативтік құжаттарын, Компанияның жоспарлары, жетістіктері туралы қосымша мәліметтерді, есептерді, презентацияларды орналастыру үшін корпоративтік сайт және Жылжымайтын мүлік қорының әлеуметтік желілері қолданылуы мүмкін.
2	Директорлар кеңесі	Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің, Даму стратегиясының басым бағыттарын анықтау.	Жалпы ақпаратты интернет-ресурстарда, соның ішінде Жылжымайтын мүлік қорының корпоративтік сайтында Қазақстан Республикасының заңнамасына және жылжымайтын мүлік қорының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес орналастыру (қажет болған жағдайда)





№	Стейкхолдерлер	Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу стратегиясы	Коммуникациялық арналарды қолданудың механизмдері
3	Қызметкерлер	Білікті және уәждемелі қызметкерлер құрамын қалыптастыруға бағытталған ашық, айқын кадрлық саясатты жүргізу. Барлық қызметкерлерге еңбек қызметі барысында олардың әлеуетін жүзеге асыру үшін тең мүмкіндіктерді, олардың нәтижелерін риясыз және әділ бағалауды қамтамасыз ету, қызметкерлерді тек олардың кәсіби қабілеттіліктерінің, білімдерінің және дағдыларының негізінде ғана іріктеу және мансапта көтеру.	Жылжымайтын мүлік қорының кадрлық саясатын жүзеге асыруды ақпараттық қамтамасыз ету үшін, қызметкерлерді конкурстық іріктеудің нәтижелерін жарықтандыру үшін интернет-ресурстар, соның ішінде корпоративтік сайт қолданыла алады.
4	Тең инвесторлар	Пайда алу мақсатымен жобаларды жүзеге асыруға инвестицияларды тарту.	Жеке секторды құрылысқа тартудың шетелдік және отандық тәжірибелері туралы ақпаратты тарату, Жылжымайтын мүлік қорының мемлекеттік-жеке әріптестікті дамытуы, интернет-ресурстар, соның ішінде корпоративтік сайт, әлеуметтік желілер, корпоративтік БАҚ арқылы іскерлік іс-шараларға қатысу (бизнес-форумдар, конференциялар, іскерлік кеңестер, көрмелер және т.б.).
5	«СҚ Девелопмент» ЖШС, «ЖМК Менеджмент» ЖШС	Акционер / еншілес тәуелді ұйымның құрылтайшысы ретінде өз құқықтарын жүзеге асыру	Еншілес тәуелді ұйымның ақпараты интернет-ресурстарда, соның ішінде Жылжымайтын мүлік қорының, еншілес ұйымдардың корпоративтік сайтында, әлеуметтік желілерінде орналастырылады.
6	Бас мердігерлер	Шарттар жасау, құрылыс саласындағы мемлекеттік бағдарламаны жүзеге асыру аясында шарттық қарым-қатынастардың орныдалуын бақылау.	Мақсатты аудиторияға Жылжымайтын мүлік қорының жобаларды жүзеге асырғаны туралы баспасөз хабарламаларын, жаңалықтарды, мақалаларды, сұхбаттарды және басқа да мағлұматтарды корпоративтік сайтта, әлеуметтік желілерде, БАҚ орналастыру арқылы ақпарат беру.
7	Жеткізушілер	Шарттар жасау, шарттық қарым-қатынастардың орындалуын бақылау.	Жүргізілетін сатып алулар, олардың нәтижелері туралы ақпараттық хабарламалар интернет-ресурстарда, соның ішінде Жылжымайтын мүлік қорының корпоративтік сайтында орналастырылады.
8	Сатып алушылар/ жалгерлер	Сатып алушылардың / жалгерлердің сапалы және қолжетімді тұрғын үй сатып алу үміттеріне сәйкестілікті ҚР ҚНЖЕ сәйкес қамтамасыз ету, жайлылыққа, қауіпсіздікке және үнемділікке қойылатын талаптарды сақтау.	Баспасөз хабарламаларын, мақалаларды, есептерді, сауалнамаларды және басқа да ақпараттық хабарламаларды корпоративтік сайтты, әлеуметтік желілерді, e-mail жіберілімдерді, мессенджерлерді, Басқарма Төрағасының блогын қолдана отырып жариялау, сондай-ақ колл-центр арқылы консультация жүргізу, арнайы іс-шараларды, науқандарды, жарнамалау науқандарын және т.б. жүргізу арқылы мақсатты аудитория арасында Жылжымайтын мүлік қорының қызметі туралы ақпараттық-түсіндіру жұмысы.
9	Мемлекеттік органдар, ЖАО	Тұрғын үй құрылысы, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылықты басқару, объектілердің құрылысын бақылау, техникалық аудитті, мемлекеттік сараптаманы жүргізу, объектілерді пайдалануға қабылдау.	Жылжымайтын мүлік қорының тұрғын үй құрылысы мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асырудағы қызметін ақпараттық жарықтандыру үшін (мәжілістер, кездесулер, жария тыңдаулар, есептер, сұхбаттар, сөз сөйлеу, жұмыс топтары, форумдар, конференциялар және т.б.) интернет-ресурстар, соның ішінде корпоративтік сайт, әлеуметтік желілер қолданылуы мүмкін.



[Жылдың түйінді көрсеткіштері](#)

[Стратегиялық мақсаттар](#)

[Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі](#)

[Басқарма Төрағасының үндеуі](#)

[Компания туралы](#)

[Біздің тарихымыз](#)

[Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің географиясы](#)

[Жылдың түйінді оқиғалары](#)

[Жылжымайтын мүлік қоры тобының құрылымы](#)

[Макроэкономикалық факторлар](#)

[2018 жылға жоспарлар](#)

[2017 жылғы қызметтің түйінді көрсеткіштері және қаржы-экономикалық көрсеткіштер](#)

[Елеулі мәмілелер туралы ақпарат](#)

[Тәуекелдер және ішкі бақылау басқармасы](#)

[Корпоративтік басқару](#)

[Есеп туралы](#)

[Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты дамуы](#)


[Шоғырландырылған қаржылық есептілік](#)

№	Стейкхолдерлер	Стейкхолдерлермен өзара әрекеттесу стратегиясы	Коммуникациялық арналарды қолданудың механизмдері
10	БАҚ, Жылжымайтын мүлік қорының әлеуметтік желілерін қолданушылар	Жылжымайтын мүлік қорының қызметі туралы жағымды қоғамдық пікір қалыптастыру.	PR-бағдарламаларды жүзеге асыру, баспасөз хабарламаларын, жарияланымдарды, есептерді, сұхбаттарды, фото және бейнематериалдарды, презентацияларды БАҚ, корпоративтік сайтта және әлеуметтік желілерде тарату арқылы Жылжымайтын мүлік қорының мықты жақтары мен мүмкіндіктерін мақсатты аудиторияға жеткізу жолымен ақпараттық қызметті ұйымдастыру.
11	Қаржы институттары	Шарттар жасау, шарттық қарым-қатынастардың орындалуын бақылау (ақшалай қаражатты депозиттік шоттарда орналастыру, банктік қызмет көрсету, арнайы шоттарға қызмет көрсету).	Шоғырландырылған қаржы есептілігін, бекітілген дивидендтердің мөлшері туралы ақпаратты және өзге ақпаратты Қазақстан Республикасының заңнамасына және Жылжымайтын мүлік қорының ішкі нормативтік құжаттарына сәйкес интернет-ресурстарда, соның ішінде Жылжымайтын мүлік қорының корпоративтік сайтында жариялау.

Әлеуметтік тұрғыдан жауапты компания ретінде Жылжымайтын мүлік қоры өзінің қаржылық және бейқаржылық қызметінде айқындылық пен ашықтықты ұстанады және мүдделі тараптар қызығушылық білдіретін ақпаратты уақтылы ашады.

2017 жылы Жылжымайтын мүлік қоры Ақпаратты ашу тәртібін бекіткен. Тәртіп Жылжымайтын мүлік қорында ақпаратты ашу және орналастыру үрдісін регламенттейді.

Жылжымайтын мүлік қоры жыл сайынғы негізде Стейкхолдерлер картасын қайта қарастырады, ол стейкхолдерлердің әрқайсысымен өзара әрекеттесу әдісін шығару мақсатымен Жылжымайтын мүлік қорының қоршаған ортасы туралы ақпаратты жүйеге келтіру және көрнекілеу үшін арналған.





ЖЫЛЖЫМАЙТЫН
МҮЛІК ҚОРЫ
САМҰРЫК
КАЗЫНА

[Жылдың түйінді көрсеткіштері](#)[Стратегиялық мақсаттар](#)[Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі](#)[Басқарма Төрағасының үндеуі](#)[Компания туралы](#)[Біздің тарихымыз](#)[Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің географиясы](#)[Жылдың түйінді оқиғалары](#)[Жылжымайтын мүлік қоры тобының құрылымы](#)[Макроэкономикалық факторлар](#)[2018 жылға жоспарлар](#)[2017 жылғы қызметтің түйінді көрсеткіштері және қаржы-экономикалық көрсеткіштер](#)[Елеулі мәмілелер туралы ақпарат](#)[Тәуекелдер және ішкі бақылау басқармасы](#)[Корпоративтік басқару](#)[Есеп туралы](#)[Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты дамуы](#)[Шоғырландырылған қаржылық есептілік](#)

ТҰРАҚТЫ ДАМУ САЛАСЫНДАҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

Жасалған және бөлінген тікелей экономикалық құн, мың теңге

Көрсеткіш	2015	2016	2017
Жалпы капиталдандыру	33 003 334	36 605 679	39 995 285
меншікті капитал	33 003 334	36 605 679	39 995 285
қарыз капиталы	—	—	—
Мемлекеттен түскен қаражат¹	—	—	—
Жасалған экономикалық құн	11 411 740	24 256 709	21 794 861
негізгі қызметтен түскен кірістер	6 925 556	17 188 159	18 348 723
негізгі емес қызметтен түскен кірістер	4 486 185	7 068 550	3 446 138
Бөлінген экономикалық құн:	11 494 498	21 744 550	19 692 994
еңбекақы төлеу бойынша шығындар	934 638	747 380	776 101
Жалғыз акционерге төленген дивидендтер	259 943	220 079	613 390
мемлекеттік бюджетке салықтар мен алымдар бойынша шығындар	1 123 162	2 413 398	1 828 207
қайырымдылық және демеушілік көмек	—	—	—
өзге операциялық шығындар	7 391 046	16 471 202	14 925 356
өзге операциялық емес шығындар	1 785 709	1 892 491	1 549 940
Бөлінетін экономикалық құн	-82 757	2 512 159	2 101 867

Қызметкерлер құрамы саласындағы негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіш	2015	2016	2017
Жалпы қызметкерлер саны	72	72	72
Жалпы бөлімшелер саны	17	16	17
Жалдау туралы шарттар бойынша қызметкерлердің құрылымы			
Еңбек шарты бойынша	72	68	67
Қызмет көрсету шарты бойынша	26	30	33
Қызметкерлердің жынысы бойынша құрылымы			

¹ У Фонда недвижимости существуют Кредитные линии от Материнской Компании (АО «Самрук-Қазына»)



ЖЫЛЖЫМАЙТЫН
МҮЛІК ҚОРЫ
САМҰРЫК
КАЗЫНА

[Жылдың түйінді көрсеткіштері](#)

[Стратегиялық мақсаттар](#)

[Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі](#)

[Басқарма Төрағасының үндеуі](#)

[Компания туралы](#)

[Біздің тарихымыз](#)

[Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің географиясы](#)

[Жылдың түйінді оқиғалары](#)

[Жылжымайтын мүлік қоры тобының құрылымы](#)

[Макроэкономикалық факторлар](#)

[2018 жылға жоспарлар](#)

[2017 жылғы қызметтің түйінді көрсеткіштері және қаржы-экономикалық көрсеткіштер](#)

[Елеулі мәмілелер туралы ақпарат](#)

[Тәуекелдер және ішкі бақылау басқармасы](#)

[Корпоративтік басқару](#)

[Есеп туралы](#)

[Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты дамуы](#)

[Шоғырландырылған қаржылық есептілік](#)

Көрсеткіш	2015	2016	2017
Әйелдер	39	51	52
Ерлер	59	47	48
Тұрақтамау, %	16	48	40
Жалақы қоры (соның ішінде ЖК жататын жеңілдетілген төлемдер мен біржолғы сыйлықақылар, жылдық сыйақы) (мың теңге)	643 116	547 319	465 393
Әлеуметтік сипаттағы төлемдер қоры (мың теңге)	11 091	9 406	10 777
Әлеуметтік салық (мың теңге)	79 776	75 356	74 578

Елеулі айыппұлдар бойынша негізгі көрсеткіштер

Көрсеткіш	2017
Экологиялық заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған елеулі айыппұлдардың ақшалай мәні және бейқаржылық ықпалшаралардың жалпы саны, теңге	0
Өнімдер мен қызметтерді ұсынуға қатысты заңнаманы және нормативтік талаптарды сақтамағаны үшін салынған елеулі айыппұлдардың ақша сомасы, теңге	0

Іскерлік әдеп

Жылжымайтын мүлік қорының қызметін қалыптастырған түйінді корпоративтік құндылықтар оның қызметкерлерінің адалдығы, жауапкершілігі мен кәсіпқойлығы, олардың еңбегінің тиімділігі, өзара көмек, бір-бірін және мүдделі тұлғаларды сыйлау. Іскерлік әдеп кодексінде жалпы мінез-құлық нормалары, моральдық-этикалық нормалар, сыбайлас жемқорлыққа және лауазымдық міндеттерді орындаған кезде жеке пайда табуға төзімсіздік белгіленген. Жылжымайтын мүлік қорының барлық қызметкерлерінің, соның ішінде лауазымдық тұлғалардың Іскерлік әдеп кодексінің ережелерімен танысуы жұмысқа қабылдаған кезде жүйелі түрде жүргізіледі. 2017 жылы Жылжымайтын мүлік қоры лауазымдық тұлғалар мен қызметкерлерді

Іскерлік әдеп кодексінің нормалары мен ережелерін білуіне сынақтама жүргізді, оған 62 қызметкер қатысты.

2017 жылы Іскерлік әдеп кодексі нормаларының Компания қызметкерімен бір бұзылуы анықталған. Бұл оқиға уақтылы реттелді.

Өз қызметінде Жылжымайтын мүлік қоры адам құқықтарын бұлжытпай сақтайды. Компания ұлты, жынысы, тегі, жасы және өзге де негіздемелер бойынша кемсітушілікке жол бермейді, қызметкерлердің өз құқықтары мен мүдделерін қорғау бой-

ынша қоғамдық бірлестіктерді және ұйымдарды құру құқығын мойындайды.

Жылжымайтын мүлік қоры корпоративтік құжаттар мен мониторинг және бақылау механизмдерін енгізу арқылы өзінің қызметінде және серіктестердің қызметінде адам құқықтарының сақталуына жәрдемдеседі, сонымен қатар Компанияда адам құқықтарын бұзу фактілерін ауық-ауық талдайды.

Есепті кезең ішінде Компанияда қандай да болмасын белгі бойынша кемсіту оқиғалары анықталмаған.

[Жылдың түйінді көрсеткіштері](#)[Стратегиялық мақсаттар](#)[Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі](#)[Басқарма Төрағасының үндеуі](#)[Компания туралы](#)[Біздің тарихымыз](#)[Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің географиясы](#)[Жылдың түйінді оқиғалары](#)[Жылжымайтын мүлік қоры тобының құрылымы](#)[Макроэкономикалық факторлар](#)[2018 жылға жоспарлар](#)[2017 жылғы қызметтің түйінді көрсеткіштері және қаржы-экономикалық көрсеткіштер](#)[Елеулі мәмілелер туралы ақпарат](#)[Тәуекелдер және ішкі бақылау басқармасы](#)[Корпоративтік басқару](#)[Есеп туралы](#)[Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты дамуы](#)[Шоғырландырылған қаржылық есептілік](#)

2017 жыл ішінде қызметкерлерді адам құқықтары саласында оқыту туралы ақпарат (сағат)

Көрсеткіш	2017
Қызметкерлерді адам құқықтары саласында оқытудың сағат саны	92
Қызметкерлерді адам құқықтары саласында оқытудың сағат саны, жынысы бойынша	
Әйелдер	8
Ерлер	84

Сыбайлас жемқорлықтан сақтандыру және қарсы әрекет ету

Компанияның стратегиялық мақсаттары және оның қызметін жүзеге асыру сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністерімен сиыспайды. Жылжымайтын мүлік қоры мүдделі тараптармен өзара әрекеттесудің, сенімді ішкі корпоративтік қарым-қатынастарды орнатудың қажетті факторы ретінде бизнесті әділ жүргізуді, соның ішінде сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы әрекет етуді ұстанады.

Жылжымайтын мүлік қоры сыбайлас жемқорлыққа және алаяқтыққа қарсы әрекет еткен кезде келесі қағидаларға негізделеді:

- ▶ заңдылық және әдеп;
- ▶ сыбайлас жемқорлықтың және алаяқтықтың кез келген түрі мен көрінісін, соның ішінде мүдделер қайшылығы көрінісін қабылдамау;
- ▶ корпоративтік басқарудың барлық деңгейлерінде сыбайлас жемқорлық және алаяқтық әрекеттердің көріністеріне ымырасыз көзқарас;
- ▶ жасалған сыбайлас жемқорлық және алаяқтық құқық бұзушылықтар үшін бұлтартпас жаза.

Заңсыз кірістерді ізін жасыруға қарсы әрекет ету бойынша рәсімдер қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (ізін жасыруға) және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы әрекет ету аясындағы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес реттеледі.

Алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің негізгі қағидалары Жылжымайтын мүлік қорында алаяқтық пен сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету саясатында және Тұрақты даму бойынша саясатта регламенттелген.

Сыбайлас жетқорлыққа қарсы әрекет ету саясаттары және әдістері туралы ақпарат беру және оларға үйрету

Жылжымайтын мүлік қоры сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет, Қауіпсіздік қызметінің қызметкерлерін тарта отырып, сыбайлас жемқорлықтың және алаяқтықтың алдын алу және қарсы әрекет ету мәселелері бойынша бірқатар тренингтер мен семинарлар жүргізді. Кездесу барысында 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету туралы» Қазақстан Республикасы Заңының, Бастамашылықпен ақпарат беру саясатының және «Нұр-Отан» ХДП 2015–2020 жж. сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету бағдарламасының талаптары қысқаша талқы-

ланды. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету және Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын жүзеге асыру аясындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін осы Заңның ережелері қызметкерлерге жеткізілді. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының субъектілері, сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет етудің жалпы және арнайы шаралары, олардың сақталуы бойынша бақылау механизмдері талқыланды, бұзушылықтар орын алатын жағдайдағы ықпалшаралардың нақты мысалдары келтірілді.

Жылжымайтын мүлік қоры сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу және профилактикасы бойынша барлық қажетті шараларды қолданады, сондай-ақ қызметкерлерді бұндай жағымсыз құбылыстардан алдын ала сақтандыру бойынша мақсатқа бағытталған жұмысты тұрақты негізде жүргізеді. Жылжымайтын мүлік қоры мен салушылардың компаниялары арасында сыбайлас жемқорлыққа және өзге құқық бұзушылықтарға қарсы әрекет ету саласында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қою ерекше көзге түседі.

[Жылдың түйінді көрсеткіштері](#)[Стратегиялық мақсаттар](#)[Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі](#)[Басқарма Төрағасының үндеуі](#)[Компания туралы](#)[Біздің тарихымыз](#)[Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің географиясы](#)[Жылдың түйінді оқиғалары](#)[Жылжымайтын мүлік қоры тобының құрылымы](#)[Макроэкономикалық факторлар](#)[2018 жылға жоспарлар](#)[2017 жылғы қызметтің түйінді көрсеткіштері және қаржы-экономикалық көрсеткіштер](#)[Елеулі мәмілелер туралы ақпарат](#)[Тәуекелдер және ішкі бақылау басқармасы](#)[Корпоративтік басқару](#)[Есеп туралы](#)[Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты дамуы](#)[Шоғырландырылған қаржылық есептілік](#)

2017 жылы корпоративтік басқару бөлімшелері қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекет ету, адамның құқықтары мен бостандығын, Корпоративтік этика кодексінің талаптарын сақтау саласындағы жұмыс Қоғамының саясаттары мен нақты рәсімдеріне үйренуге қатысу үлесі 100%-ға жетті. Бұдан әрі қызметкерлерді сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат бойынша оқыту және тренингтер жалғастырылады.

2016 жылдан бастап «Самұрық-Қазына» АҚ қоржын компанияларының қызметкерлері арасында жедел желі жұмыс істейді. Жедел желі қызметкерлер немесе үшінші тұлғалар мәселелерді көтере алатындай немесе заңнаманы, құқықтық нормаларды, ішкі саясатты бұзудың кез келген фактілері және қызметкерлердің немесе бизнес-серіктестердің әдепсіз мінез-құлықтары туралы хабарлай алатындай құпия және қауіпсіз тәсілді қамтамасыз етеді. Жедел

желінің жеке телефон нөмірі 8 800 080 19 94, арнайы электрондық пошта мекенжайы sk.hotline@deloitte.kz бар, ал байланыс қызметтерін тәуелсіз провайдер ұсынады.

Мемлекеттік саясатты қолдау

2018–2027 жылдарға бекітілген Даму стратегиясына сәйкес Жылжымайтын мүлік қорының басты басымдықтарының бірі тұрғын үй қолжетімділігін қамтамасыз ету және қатысу өңірлерінде бизнес жүргізу үшін инфрақұрылымды дамыту болып табылады. Осыған орай, Жылжымайтын мүлік қоры тұрғын үй

құрылысы және жеке салушыларды қолдау саласындағы мемлекеттің саясатын қолдайды.

Жылжымайтын мүлік қоры бизнесті білдіретін экономика салаларына сараланымның араласпауын жариялайтын Yellow Pages

Rule қағидаларын сақтайды. Квзимемлекеттік компания ретінде Жылжымайтын мүлік қоры өз қызметін 2015 жылғы 28 желтоқсандағы №1095 Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысында бекітілген қызмет түрлерінің тізбесіне сәйкес жүргізеді.

Көрсеткіш

2017

Елдер және алушылар/бенефициарлар бойынша саяси мақсаттарға қайырмалдықтардың жалпы ақшалай тұлғаланымы, теңге 0

Жауапты жеткізілімдер тізбегі

Жылжымайтын мүлік қорының сатып алу қызметі саласындағы негізгі мақсаты — барлық бөлімшелердің тұрақты жұмысы үшін ресурстардағы қажеттіліктерін, олардың сатып алудың оңтайлы шарттарымен, уақтылы, тиімді және толық қамтамасыз ету.

Жылжымайтын мүлік қорында ақпараттық ашықтық, айқындық, тең құқықтық және адал бәсекелестікті дамыту қағидаларына негізделген тиімді сатып алу жүйесі құрылған. Сатып алу рәсімдері жария, айқын, стандартталған және қарапайым.

Жылжымайтын мүлік қорының сатып алу қызметінің басымдығы келесі болып табылады:

- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобының Мүгедек ұйымдар тізілімінде тұрған мүгедек ұйымдардан тауарларды, жұмыстарды, қызметтерді алу;
- ▶ «Самұрық-Қазына» АҚ Компаниялар тобының Тауар өндірушілер тізілімінде тұрған сатып алынатын тауарды өндірушілерден тауарларды алу,
- ▶ Білікті әлеуетті жеткізушілер арасында сатып алуды жүзеге асыру.

Жеткізушіні таңдау Жылжымайтын мүлік қорында келесі тәсілдермен жасалады:

- ▶ ашық тендерді өткізу (соның ішінде төмендетуге саудаластықты қолдана отырып);
- ▶ баға ұсыныстарына сұрау салу (соның ішінде төмендетуге саудаластықты қолдана отырып);
- ▶ бір көзден.



[Жылдың түйінді көрсеткіштері](#)

[Стратегиялық мақсаттар](#)

[Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі](#)

[Басқарма Төрағасының үндеуі](#)

[Компания туралы](#)

[Біздің тарихымыз](#)

[Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің географиясы](#)

[Жылдың түйінді оқиғалары](#)

[Жылжымайтын мүлік қоры тобының құрылымы](#)

[Макроэкономикалық факторлар](#)

[2018 жылға жоспарлар](#)

[2017 жылғы қызметтің түйінді көрсеткіштері және қаржы-экономикалық көрсеткіштер](#)

[Елеулі мәмілелер туралы ақпарат](#)

[Тәуекелдер және ішкі бақылау басқармасы](#)

[Корпоративтік басқару](#)

[Есеп туралы](#)

[Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты дамуы](#)

[Шоғырландырылған қаржылық есептілік](#)

Сатып алу тәсіліз*, мың теңгемен сомасы

Жыл	АТСЭ	АТЭ	АТ	БК	БҰЭ	Резиденттер	Бейрези денттер
2015	166 946	7 583 430	1 801 454	298 106	14 317	9 856	8 670,00
2016	121 718	12 447 035	0,00	415 748	34 420	13 018	0,00
2017	39 904	—	—	492 248	36 916	550 404	18 664

* Сатып алу тәсілдерінің аббревиатураларын түсіндіру:
АТСЭ – төмендетуге саудаластықты қолдана отырып, ашық тендер тәсілімен электрондық сатып алулар
АТЭ – ашық тендер тәсілімен электрондық сатып алулар
АТ – ашық тендер тәсілімен сатып алу
БК – бір көзден тәсілімен сатып алу
БҰЭ – баға ұсыныстарына сұрау салу тәсілімен электрондық сатып алулар

Компанияның тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді алу құрылымы

Жыл	мың теңгемен сомасы		
	Тауарлар	Жұмыстар	Қызметтер
2015	98 442	9 342 229	423 582
2016	87 599	12 689 028	242 295
2017	74 016	152 885	323 503

Көрсеткіш	2015	2016	2017
Жергілікті жеткізушілерден сатып алуға жұмсалатын сатып алу бюджетінің үлесі, %	99,91	100	96,7
Импорттық сатып алулар үлесі, %	0,09	0	3,3

Қоршаған ортаны қорғау


Жылжымайтын мүлік қоры экологиялық тепе-теңдікті сақтаудың және қоршаған ортаға ұқыпты қараудың қажеттілігін түсіне отырып, қоршаған ортаны қорғау бойынша қызметті өзінің ағымдағы жұмысының маңызды бөлігі ретінде қарастырады. Қоршаған ортаға әсерді азайту үшін Компания 2017 жылы қызметтің экологиялық бағытындағы мақсаттарды өзекті етті:

- ▶ қызметті жүзеге асыру кезіндегі қауіпсіз және тұрақты даму;

- ▶ Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің табиғат қорғау заңнамасында белгіленген барлық талаптар мен нормаларға сәйкестілігін қамтамасыз ету;
- ▶ Жылжымайтын мүлік қорының жүзеге асырылатын қызметінен қоршаған ортаға жағымсыз әсер тәуекелдерін азайту;
- ▶ Жылжымайтын мүлік қорына тиесілі жер телімдеріне жауапкершілікпен қарау және тиімді пайдалану;
- ▶ экологиялық менеджмент жүйесін үнемі жақсарту.

Тауарлардың, жұмыстардың және қызметтердің контрагенттерін таңдаған кезде негізгі өлшемшарттар құн, сапа, тауарларды жеткізу / жұмыстарды орындау мерзімдері, контрагенттің тиісті техникалық және кадрлық ресурстардың, сәйкес бағыт бойынша жұмыстарды орындаудағы / қызмет көрсетудегі қажетті тәжірибенің бар болуы жағынан сенімділігі болып табылады.

Контрагенттердің жалпы саны



Компания қатысу өңірлерінде экономикалық өсу мен қазіргі және болашақ ұрпақ үшін жағымды қоршаған ортаны сақтау үйлесімі деп ұғылатын тұрақты даму қағидаларына негізделген қоршаған ортаны қорғау бойынша жұмысты жүргізеді.

Жылжымайтын мүлік қоры өз қызметінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, халықаралық құқық нормаларын және қоршаған ортаны қорғау бойынша стандарттарды бұлжытпай орындауға тырысады және қадірлейді.



[Жылдың түйінді көрсеткіштері](#)[Стратегиялық мақсаттар](#)[Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі](#)[Басқарма Төрағасының үндеуі](#)[Компания туралы](#)[Біздің тарихымыз](#)[Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің географиясы](#)[Жылдың түйінді оқиғалары](#)[Жылжымайтын мүлік қоры тобының құрылымы](#)[Макроэкономикалық факторлар](#)[2018 жылға жоспарлар](#)[2017 жылғы қызметтің түйінді көрсеткіштері және қаржы-экономикалық көрсеткіштер](#)[Елеулі мәмілелер туралы ақпарат](#)[Тәуекелдер және ішкі бақылау басқармасы](#)[Корпоративтік басқару](#)[Есеп туралы](#)[Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты дамуы](#)[Шоғырландырылған қаржылық есептілік](#)

Жылжымайтын мүлік қоры және жеке салушылар қаржыландыратын тұрғын үй объектілерінің құрылысы кезінде 2017 жылғы кезең ішінде 28,9 млрд. теңге жалпы сомасына материалдар пайдаланылды, бұл орындалған құрылыс-монтаждау жұмыстары құнының шамамен 65%-ын құрайды, соның ішінде:

Тұрғын объектілердің атаулары	Соның ішінде материалдар бойынша
«Ertis City» тұрғын үй кешені, 1 кезек, Өскемен қ.	2,2
«Алтын Шар» тұрғын үй кешені, Астана қ.	2,5
«Alatau City» тұрғын үй кешені, Астана қ.	4,3
«Nova City» тұрғын үй кешені, Астана қ.	7,8
«VOSTOCHKA.KZ» көп функциялы тұрғын үй кешені, Алматы қ.	0,5
«Ertis City» тұрғын үй кешені, 2 кезек, Өскемен қ.	1,5
«Комсомольский» тұрғын алабы ауданындағы кіріктірілген жайлары мен паркінгі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешені, Астана қ.	1,7
Кіріктірілген жайлары мен паркінгі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешені, Астана қ.	0,2
Шымкент қ. Тұлпар ықшам ауданындағы 5 және 3 қабатты көп пәтерлі үйлерден тұратын тұрғын үй кешені	0,1
Шымкент қ. Тұлпар ықшам ауданындағы тұрғын үйлер (Тұлпар 3, Төлеметов к-сі бойындағы бөліктелген үйлер)	0,1
БАРЛЫҒЫ:	20,9
«Шығыс» көп пәтерлі тұрғын үй кешені, Астана қ.	0,5
«Әдия» тұрғын үй кешені, Шымкент қ.	0,2
«Жерұйық» тұрғын үй кешені, Атырау қ.	0,3
Тұрғын үйге арналған паркінг, Астана қ.	0,0
170 пәтерлі № 15 тұрғын үй, Қызылорда қ.	0,8
Коммерциялық жайлары бар 9–14 қабатты тұрғын үйлер, Ақтау қ.	4,4
50 пәтерлі № 1 тұрғын үй, Қызылорда қ.	1,5
Паркінгі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешені, Астана қ.	0,3
БАРЛЫҒЫ:	8,0

[Жылдың түйінді көрсеткіштері](#)[Стратегиялық мақсаттар](#)[Директорлар кеңесі Төрағасының үндеуі](#)[Басқарма Төрағасының үндеуі](#)[Компания туралы](#)[Біздің тарихымыз](#)[Жылжымайтын мүлік қоры қызметінің географиясы](#)[Жылдың түйінді оқиғалары](#)[Жылжымайтын мүлік қоры тобының құрылымы](#)[Макроэкономикалық факторлар](#)[2018 жылға жоспарлар](#)[2017 жылғы қызметтің түйінді көрсеткіштері және қаржы-экономикалық көрсеткіштер](#)[Елеулі мәмілелер туралы ақпарат](#)[Тәуекелдер және ішкі бақылау басқармасы](#)[Корпоративтік басқару](#)[Есеп туралы](#)[Жылжымайтын мүлік қорының тұрақты дамуы](#)[Шоғырландырылған қаржылық есептілік](#)

Қазақстан Республикасының заңнамасы қоршаған ортаға зиян заттардың эмиссияларын реттейді. ҚР Салық кодексіне сәйкес қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлем алынады.

Салық салу объекті қоршаған ортаға эмиссиялардың белгіленген нормативтері шегіндегі және (немесе) олардан астам эмиссиялардың нақты көлемі болып табылады:

1) ластайтын заттарды шығару;

2) ластайтын заттарды тастау;
3) өндіріс пен тұтынудың орналастырылған қалдықтары.

Жылжымайтын мүлік қоры өз жобалары бойынша қоршаған ортаға эмиссиялардың мониторингін жүргізеді. Осылайша, Астана қ. Хусейн бен Талал және Еңбекшілер көшелерінің қиылысында орналасқан паркінгі бар көп пәтерлі тұрғын үй кешенінің, сонымен бірге Ақтау қ. 32 «А» ықшам ауданындағы коммерциялық жайлары бар 9–14 қабатты тұрғын үйлердің құрылыс жо-

балары бойынша 2017 жыл ішінде «ASTI» ЖШС және «Eileen Group» ЖШС жүйелі негізде нақты эмиссиялардың, сондай-ақ жергілікті бюджетке жасалған төлемдердің есебі бар ақпарат ұсынылған.

Кадрлық әлеуетті дамыту

